**Автор**: Аюпова Гүлнара Едресовна
**Пән**: Жаратылыстану
**Сынып**: 4-сынып
**Бөлім**: Табиғат физикасы
**Тақырып**: Дыбыстың шағылуы деген не?

---

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 4.5.2.2 жарықтың шағылуы, жұтылуы сияқты қасиеттерін зерттеу және түсіндіру<br>4.1.2.2 алынған нәтижені оқушы таңдаған формада ұсыну |
| Сабақтың мақсаты: | белгілі бір кедергілердің дыбыстың қаттылығы<br>-мен таралуына әсерін зерттеу және түсіндіру<br>-зерттеу әдісін (бақылау мен эксперимент) таңдау<br>-себебін оның артықшылығы мен кемшілігіне байланысты негіздеу |
| Тілдік мақсаттар: | Тілдік дағдылар: -жаңғырық -дыбыстың шағылуы<br>Терминология: дыбыстың шағылуы,жаңғырық<br>Сөз тіркестері: Талқылау сұрақтары: Дыбыс деген не? Дыбыс қалай таралады? |
| Күтілетін нәтиже: | белгілі бір кедергілердің дыбыстың қаттылығы<br>-мен таралуына әсерін зерттеу және түсіндіру<br>-зерттеу әдісін (бақылау мен эксперимент) таңдау |
| Бағалау критерийлері: | -дыбыстар қандай болатынын біледі;<br>- қатты және бәсең дыбыстар қай жерде қажет екенін білетін болады |
| Құндылықтарды дарыту: | Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу. |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | Интернет-ресурстар, дерек қордан және интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу; |
| Пәнаралық байланыс: | Дүниетану |
| Бастапқы білім: | Көлеңке және оның өзгеруі |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы | Психологиялық ахуал қалыптастыру. Біз бақытты баламыз Ойнап күліп аламыз Жетілсін деп санамыз Оқып білім аламыз Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда) «Зымыран сұрақтар»<br>-Көлеңке қалай пайда болады?<br>-Оның өлшемі қалай өзгереді?<br>-Көлеңкенің өлшемі неге тәуелді?<br>ҚБ: тамаша, жарайсың! Оқу мақсатын таныстыру<br>4.5.2.2 жарықтың шағылуы, жұтылуы сияқты қасиеттерін зерттеу және түсіндіру<br>4.1.2.2 алынған нәтижені оқушы таңдаған формада ұсыну | |

| Сабақкезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы | Оқушылар дыбыстың шағылуы деген не деп ойлайсыңдар? Топтық жұмыс:<br>Суретпен жұмыс -Негеш пен Эврика қайда жүр?<br>-Негеш не істеп тұр деп ойлайсың?<br>-Суреттегі сызықтар нені білдіреді?<br>-Балалар қандай дыбыстарды естулері мүмкін? (МК)Суретпен жұмыс<br>Оқушыларға музыкалық аспаптардың суреттерін көрсетіп, атауын сұрау. -Балалар, мына аспап қалай аталады?<br>-Кім домбырада ойнай алады?<br>-Мынау қай аспап?<br>-Оны қай жерде көрдіңдер?<br>-Аспаптардың қандай түрлерін білесіңдер?<br>-Шертпелі аспаптар, үрмелі аспаптар, ішекті аспаптар және ......<br>/оқушылардың жауаптарын тыңдау/<br>Дескрипторы: -Негеш пен Эвриканың қайда жүргенін анықтай алады;<br>-дыбыстың шығуын түсіндіре алады;<br>Оқылым Дыбыстың шағылуынан пайда болған құбылыс жаңғырық деп аталады.Дыбыс толқыны да жарық сәулесі сияқты шағылады.Дыбыс алдында тұрған кедергіден шағылып,кері қайтады. Жұптық жұмыс Зертте Қажетті құрал-жабдықтар: ұялы телефон,шұңғыл ыдыс,сағат,шелек<br>Дескриптор -суреттегі құбылыстарды анықтайды; -Шағылған дыбысты естиді;<br>ҚБ: «үш шапалақ» Дәптермен жұмыс Түсіндір. Шәйнектердің қайсысының дыбысы қайнағанда қатты шығады.Су толтырған шәйнектің бе,суы орта шәйнектің бе?Неліктен ?Ойыңды түсіндір. Дескриптор -суреттерге қарап,дыбыстың шығуын анықтайды; Ойлан. Орманда адасып кеткен адамның тұрған орнын дауысына қарап анықтау қиын.Неліктен? Әр түрлі жауап күтіледі. Сен білесің бе? Кемелерде судың тереңдігін өлшейтін арнайы құрылғы-эхолот қолданылады.Құрылғы су түбіне дыбыс жіберіп,оның шағылып қайтқан уақытын есептеу арқылы тереңдікті анықтайды | |
| Сабақтың соңы | «От шашу» кері байланыс.<br>Үйге тапсырмасы.12 -13- бет оқу,әңгімелеу | |
| Рефлексия | Сабақтың оқу мақсаты шынайы ма?<br>Бүгін оқушылар не білді?<br>Сыныптағы ахуал қандай болды?<br>Мен орындаған саралау шаралары тиімді болды ма?<br>Мен бүкілуақытішіндеүлгердімбе?<br>Мен өзжоспарымақандайтүзетулеренгіздімжәненеліктен? | |